

АЙБЫН

ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕР ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫНА АТТАНДЫ

Жамбыл облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінде әскери міндеттілерді оқу-жаттығу жиынына шығарып салу рәсімі өтті. Салтанатты шараға Тараз қаласы әкімінің кеңесшісі Парид Мамедова мен сала ардагерлері арнайы қатысып, жылы лебіздерін білдірді.



Әскери міндеттілердің дайындығын шыңдау және заманауи техникалар мен қару-жарақ түрлерін таныстыруды мақсат еткен оқу-жаттығу жиынына облысымыздың 200-ге жуық тұрғыны аттанды. Олардың қатарында әскери қызметтен өткен, Қарулы Күштер сапында Отан алдындағы борыштарын өтеген немесе әскери кафедраларда білім алған азаматтар бар. Енді олар бір ай бойы Қордай ауданы, Отар полигонында орналасқан 22/326 әскери бөлімінде оқу-жаттығу жиынына қатысып, теориялық және практикалық білімдерін жетілдіріп, тактикалық арнайы дайындықтан өтеді.

Жыны қорытындысы бойынша сынақтар өткізіліп, оның нәтижелеріне сәйкес бағдарламаны сәтті меңгерген әскери міндеттілерге түрлі дәрежедегі әскери шендер берілетін болады.

Құрман ҚАПТАҒАЙ

ДІН-ДІҢГЕК

ИСЛАМ – БЕРЕКЕ-БІРЛІК НЕГІЗІ

Қазақ халқының мәдениетіне көз жүгіртсек, оның ішкі мәні Ислам дінінің құндылықтарымен қалыптасқан. Ол құндылықтар бізге ата-бабамыздан дәстүр сабақтастығы арқылы жеткен. Өз кезегінде осы үрдісті келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізу – біздің мұсылмандық парызымыз.

Ислам діні ешқашан басқа сенімдерге немесе қоғамның құндылықтары мен дәстүрлеріне қарсы шыққан емес. Қазақ халқы дінді мәдениетпен, халықтың философиясымен табиғи байланысы бар әмбебап ілім ретінде қабылдады. Сондықтан біздің әдет-ғұрпымыз әрдайым ізгілікке шақырады. Мысалы, ақсақалдарымыз жастарға әрдайым ақ жол тілеп, батасын береді. Жастарымыз үлкеннің алдын кесіп өтпейді, құрметін көрсетеді, ешкімнің ала жібін аттамайды. Мұның бәрі дәстүрлі ислам құндылықтарымен тығыз үндеседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажет екенін үнемі айтып келеді. Бұл туралы Президент: «...Жұрттың діни сауатын арттыру керек. Азаматтарымыз шынайы исламның құндылықтарын білуге тиіс. Сол құндылықтарды халық арасында түсіндіріп, дәріптеу қажет. Әсіресе, өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген жөн. Көзі ашық, көкірегі ояу, білімді, санасы сергек ұрпақ қана ұлтқа адал қызмет етеді», – деген еді.

Еліміздегі Ислам дінін насихаттауда көптеген методологиялық қайшылықтар болғандықтан, көпшілік арасында дінді түсіну қиынға соғуда. Ата-баба жолынан ауытқып, өз тарихы мен мәдениетін теріс етіп көрсету, әсіресе жастар арасында кең етек алып жатыр. Жастардың деструктивті діни ағымдарды ықпалында болуының негізгі үш себебін айтуға болады. Біріншісі – жалпы қоғамда діни сауаттылықтың әлсіз болуы. Екіншісі – жат пінғалдылардың жағдайы төмен отбасыларды материалдық тұрғыдан қамтамасыз етеміз деген уәде арқылы өз қатарларына тартып жатқаны. Үшіншісі – шетелдік діни уағызшылардың,



әсіресе интернет желісінде өз қызметтерін жоғары деңгейде жүргізуі.

Бұл діни ағымдардың астарында еліміздің тыныштығын бұзу, дінаралық алауыздық туғыру сияқты саясиленген мүдде жатқаны жасырын емес. Қазіргі кезде дін үйренудегі бір қиыншылық – діннің бұрмаланып жеткізілуінде. Ғылымда дәлелсіз ешбір қағида қабылданбайтынын ғалымдар жақсы білгенмен, бұл принципті дін саласында ұстана алмай келеді. Ал шындығында дінінің ең күрделі, көлемді, қажетті ілім екені даусыз.

Әзірет Пайғамбар өзінің өсиетінде: «Алла Тағала адамдардан олардың білімін тартып алмайды, білім ғалымдардың дүниесіне салумен жоқ болып кетуі мүмкін. Нәнаңдықтың ой-пікірі қалады. Білімі жоқ бола тұра пәтуа береді, сайлаша өздері де асады, біреулерді де адастырады».

Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз. Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқанындай «Ел бастайтын жастар жай жаппауы керек. Ғылымға аш болуы керек». Егер қазіргі жастар ғылымға, білімге жақын болса, сонда біздің қоғамда даму болады. Қазақтың ұлт болып өркеніетті ел қатары өмір сүруі үшін ең алдымен халықтың сана-сезімін оятатын жағдай туғыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістетуге керек. Өнер-білім керек, онан да қерегіреті – тәрбие. Қанша оқысақ та, тәрбиеленіп кем болса, онда қасиетіміз аз болмақ.

Бахтияр АЛПЫСБАЕВ, дінтанушы

САҚТАНСАН, САҚТАЙДЫ

Су айдындарында қаза болу жағдайларының негізгі себебі – балалардың ересектердің қарауынсыз қалуы салдарынан және жабдықталмаған немесе тыйым салынған жерлерде шомылу, балық аулау кезінде және алкогольдік масаң күйде суға түсу.

СУ АЙДЫНДАРЫНДА ЖАЗҒЫ ПРОФИЛАКТИКА ЖАЛҒАСУДА



Қала және облыс аумағында көптеген судағы қауіпсіздік бойынша өткізіліп отырған іс-шараларға қарамастан күннен күнге тыйым салынған және аса қауіпті орындарда шомылу деректері көбейуде.

Осындай қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында кеше Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері Тараз қаласы жергілікті полиция қызметкерлерімен бірге суға шомылуға тыйым салынған орындарда рейттік іс-шараларды жүргізуге шықты. Іс-шара барысында қызметкерлер демалушыларға шомылуға тыйым салынған орындар туралы, қала аумағында арнайы демалыс аймақтарын белгілеу туралы, демалушылардың қауіпсіздігіне ата-аналардың тікелей жауап беретіндігі туралы ақпарат жеткізеді.

Сонымен қатар, кеше және алдағы күндері жергілікті полиция қызметімен бірлесе отырып күнделікті рейд жұмыстарын жүргізу кезінде полиция қызметкерлеріне суға шомылуға тыйым салынған жерде

сонымен қатар су айдындарында алкогольдік ішімдікті қолдану бойынша «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексінің 440-бабы, 364-бабы және 412-баптарына сәйкес әкімшілік практиканы қолдану бойынша халықтың арасында жұмыстарды жүргізу бастады, яғни тыйым салынған жерлерде шомылу немесе су айдындарында алкогольдік ішімдікті қолданғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылатын болады.

Халық арасында әлеуметтік желі бойынша барынша хабардар ету үшін аталған профилактикалық іс шараға қаламыздың қоғамдық блогерлері атсалысты.

Айта кеткен жөн, жазғы маусымда суға кетіп қаза болу жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шаралар шомылу маусымының соңына дейін жалғасады.

Данияр КЕЛІС, Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының офицері

ЛЕТНЯЯ ПРОФИЛАКТИКА НА ВОДОЕМАХ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

Основной причиной смерти на водоемах является оставление детей без присмотра взрослых, купание в необорудованных и запрещенных местах, купание во время рыбалки и в состоянии алкогольного опьянения.

Несмотря на многочисленные мероприятия по «водной безопасности» на территории города и области, со дня увеличения количества фактов купания в запрещенных и особо опасных местах.

В целях предупреждения подобных несчастных случаев вчера сотрудники Управления по чрезвычайным ситуациям города Тараза совместно с сотрудниками местной полицейской службы города Тараза вышли на рейдовые мероприятия в местах, где купание запрещено. В ходе мероприятия сотрудники доводили отдыхающим информацию о запрещенных местах для купания, об установлении специальных зон отдыха на территории города, о том, что за безопасность отдыхающих непосредственно отвечают родители.

Кроме того, вчера и в ближайшие дни совместно с местной полицейской службой при проведении ежедневных рейдов сотрудниками

полиции в местах, где купание запрещено, а также на водоемах начата работа по применению административной практики в соответствии со статьей 440, 364 а так же 412 статьи «Кодекса административных правонарушений РК», т. е. за купание в запрещенных местах или употребление алкогольных напитков на водоемах будут привлечены к дисциплинарной ответственности.

А также для наибольшего информирования населения через социальные сети на данное профилактическое мероприятие были задействованы общественные блогеры нашего города.

Стоит отметить, что мероприятия, направленные на предупреждение случаев гибели утопающих в летний сезон, продлятся до конца купального сезона.

Данияр КЕЛІС, офицер управления по ЧС города Тараза

САЛА ТЫНЫСЫ

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласында өздігінен жүретін машиналар мен механизмдерге қатысты мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін нақты белгілеген.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Бұл қызметтер азаматтардың техникалық құралдарды басқару құқығын алуына, оларды тіркеуге, кепілге қоюға және техникалық тексеруден өткізуге байланысты рәсімдерді қамтиды. Аталған қызметтерді ұсыну реті мен құжаттар тізімі ҚР қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

1. Тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарды басқару құқығына емтихан қабылдау және куәлік беру

Азаматтарға тракторлар мен олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шаршылар мен механизмдерді, сондай-ақ арнайы мақсаттағы жоғары өтімділікке ие машиналарды басқару құқығына куәлік беру қызметі ұсынылады. Қызметті алу үшін келесі құжаттар қажет:

- 073/У нысанындағы медициналық анықтама;
- Автокеңесті аяқтағаны туралы куәлік;
- 3,5х4,5 өлшеміндегі 1 дана фотосурет.

2. Ауыл шаруашылығы техникаларын мемлекеттік тіркеу

Аталған қызмет тракторлар мен тіркемелерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық және жол-құрылыс машиналарын мемлекеттік тіркеуге бағытталған. Құжаттар тізімі тұлға түріне байланысты өзгереді:

- Жеке тұлғалар үшін:
- Техникалық паспорт;
- Сатып алу-сату шарты;
- Мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек.

Заңды тұлғалар үшін:

- Техникалық паспорт;

- Сатып алу-сату шарты;
- Бұйрық және сенімхат;
- Заңды тұлғаны растайтын құжаттар;
- Мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек.

3. Техникалық құралдарды кепілге қоюды тіркеу

Бұл қызмет өздігінен жүретін машиналар мен тіркемелерді кепілге қою кезінде жүргізіледі. Қажетті құжат тек мемлекеттік баждың төленгені туралы құжат болып табылады.

4. Жыл сайынғы техникалық қарап-тексеруден өткізу

Ауыл шаруашылығына арналған техникалық құралдардың техникалық жай-күйін тексеру мақсатында жыл сайынғы техникалық қарап-тексеру рәсімі қарастырылған. Бұл қызметке жүгіну үшін өтініш беруші тек өтініш тапсыруы жеткілікті.

Ауыл шаруашылығы саласындағы техникалық құралдарды басқаруға, тіркеуге және пайдалануына байланысты көрсетілетін мемлекеттік қызметтер халыққа тиімді әрі ашық түрде ұсынылуда. Қызметтердің нақты тәртіпін және талап етілетін құжаттармен реттелуі бұл саланың басқарылуын оңтайландырып, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқын айқындайды. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы техникасының қауіпсіз әрі заңды пайдалануына жағдай жасайды.

Толық ақпарат алу үшін Тараз қаласы, Төле би көшесі, 57Б мекенжайына келіп жүгінуге болады.

Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі

| ХАБАРЛАНДЫРУ | ХАБАРЛАНДЫРУ |
|---|---|
| <p>«Қазфосфат» ЖШС ТФ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2025 жылғы 27 тамызда, сағат 15:00-де Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу Еңбек ауылы әкімдігінің ғимаратында «Қазфосфат» ЖШС ТФ үшін кешенді экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.</p> <p>Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru» сайтында танысуға болады.</p> <p>Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ agsabek@zhambyl.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.</p> <p>Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сипаттағы Qosyl-дағы кездесуге қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=975676755668 кездесу идентификаторы: 975-676-755-668.</p> <p>Қосымша ақпаратты escorpo-1@mail.ru электрондық поштаға және +7 (702) 557 40 58 телефоны бойынша алуға болады.</p> <p>Жобаның бастамашысы: «Қазфосфат» ЖШС ТФ, БСН: 001241006261, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Е.Ниятқалиев көшесі, 128. Телефон: 8 (701) 956 6168.</p> <p>Жобаны әзірлеуші: «Есо Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе қаласы, И.Тургенев, 3 «В», тел: +7 (702) 557 40 58.</p> <p>Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу Еңбек ауылы.</p> <p>Учаскенің географиялық координаты: Минералды тұйайтқыштар зауыты, 42°92'58,52" с. б. 71°31'192,45" ш. б.</p> <p>Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Бірлесу Еңбек ауылы. (Ақбастау ауылдық округі) 43°00'00,80" с.б. 71°11'33,60" ш. е. (А)</p> | <p>«Қазфосфат» ЖШС ТФ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2025 жылғы 27 тамызда сағат 10:00-де Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 66 мекенжайында орналасқан Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің акт залында «Қазфосфат» ЖШС ТФ үшін кешенді экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.</p> <p>Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru» сайтында танысуға болады.</p> <p>Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.</p> <p>Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сипаттағы Qosyl-дегі кездесуге қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=998952590042. Кездесу идентификаторы: 998-952-590-042.</p> <p>Қосымша ақпаратты escorpo-1@mail.ru электрондық поштаға және +7 (702) 557 40 58 телефоны бойынша алуға болады.</p> <p>Жобаның бастамашысы: «Қазфосфат» ЖШС ТФ, БСН: 001241006261, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Е.Ниятқалиев көшесі, 128. Телефон: 8 (701) 956 6168.</p> <p>Жобаны әзірлеуші: «Есо Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе қаласы, И.Тургенев, 3 «В», тел: +7 (702) 557 40 58.</p> <p>Әсер ету аймағы: Тараз қаласы.</p> <p>Учаскенің географиялық координаты: Минералды тұйайтқыштар зауыты, 42°92'58,52" с. б. 71°31'192,45" ш. е.</p> <p>Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Тараз қаласы 42°89'96,64" с.б. 71°39'27,27" ш. е. (А)</p> |
| ОБЪЯВЛЕНИЕ | ОБЪЯВЛЕНИЕ |
| <p>ТФ ТОО «Қазфосфат», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 15 час. 00 мин. 27 августа 2025 года по адресу: Жамбылская область, Жамбыльский район, Ақбастауский с.о., с. Бірлесу Еңбек в здании акимата состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проектам «Проектные материалы по КЭР для ТФ ТОО «Қазфосфат» минеральные удобрения».</p> <p>С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru.</p> <p>Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также s.agabek@zhambyl.gov.kz.</p> <p>В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=975676755668. Идентификатор встречи: 975-676-755-668.</p> <p>Дополнительную информацию можно получить по адресу: escorpo-1@mail.ru и по телефону: +7 (702) 557 40 58.</p> <p>Оператор начеваемой деятельности: ТФ ТОО «Қазфосфат», БИН: 001241006261, Жамбылская область, г. Тараз, улица Ниятқалиева, 128. тел: 8 (701) 956 6168.</p> <p>Разработчик проекта: ТОО «Есо Project Company», БИН: 200540023731, г. Ақтөбе, ул. Тургенев 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.</p> <p>Территория воздействия: Жамбылская область, Жамбыльский район, Ақбастауский с.о., с. Бірлесу Еңбек.</p> <p>Географические координаты участка: Завод минеральных удобрений 42°92'58,52" с. ш. 71°31'192,45" в. д.</p> <p>Географические координаты территории воздействия: с. Бірлесу Еңбек (Ақбастауский с.о.) 43°00'00,80" с.ш. 71°11'33,60" в. д. (А)</p> | <p>ТФ ТОО «Қазфосфат», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 час. 00 мин. 27 августа 2025 года по адресу: Жамбылская область, г. Тараз, проспект Толе Би, 66 в актовом зале КТКП Жамбылский политехнический высший колледж в форме открытого собрания в форме открытого собрания по проектам «Проектные материалы по КЭР для ТФ ТОО «Қазфосфат» минеральные удобрения».</p> <p>С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru.</p> <p>Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также s.agabek@zhambyl.gov.kz.</p> <p>В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=998952590042. Идентификатор встречи: 998-952-590-042.</p> <p>Дополнительную информацию можно получить по адресу: escorpo-1@mail.ru и по телефону: +7 (702) 557 40 58.</p> <p>Оператор начеваемой деятельности: ТФ ТОО «Қазфосфат», БИН: 001241006261, Жамбылская область, г. Тараз, улица Ниятқалиева, 128. тел: 8 (701) 956 6168.</p> <p>Разработчик проекта: ТОО «Есо Project Company», БИН: 200540023731, г. Ақтөбе, ул. Тургенев 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.</p> <p>Территория воздействия: Жамбылская область, г. Тараз.</p> <p>Географические координаты участка: Завод минеральных удобрений 42°92'58,52" с. ш. 71°31'192,45" в. д.</p> <p>Географические координаты территории воздействия: г. Тараз 42°89'96,64" с.ш. 71°39'27,27" в. д. (А)</p> |